

Сотталушыларды қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаларын өтеу орнын анықтау туралы

Күшін жойған

Павлодар қаласы әкімиятының 2007 жылғы 27 тамыздағы N 1091/18 қаулысы. Павлодар қаласының Әділет басқармасында 2007 жылғы 13 қыркүйекте N 92 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 5 тамыздағы N 1004/14 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар қаласы әкімдігінің 2009.08.05 N 1004/14 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 42-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Қалалық коммуналдық шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі - Кәсіпорын) сотталушыларды қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаларын өтеу орыны болып анықталсын.

2. Кәсіпорын сотталушыларды қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаларын өтеу үшін 5 жұмыс орынын берсін.

3. Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы - "Павлодар қаласы тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қ о л д а н с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.В.Берковскийге жүктелсін.

Павлодар қаласының әкімі

Б.Демеуов